



2019 жылғы 28 мамыр

Астана, Үкімет Үйі

от «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года

№ 17-8/448 зп, 645 зп

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Мәжілісі

2019 жылғы 20 ақпандағы № 8-5-90 хатқа  
2019 жылғы 15 наурыздағы № 8-5-148 хатқа

Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашылық еткен  
«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне  
агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының  
жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі  
депутаттарының түзетулеріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
қорытындысы

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына (бұдан әрі – заң жобасы) Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі депутаттарының түзетулерін қарап, мынаны хабарлаймыз.

Депутаттардың түзетулері Конституция ережелеріне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілеріне қайшы келмейді, әлеуметтік-экономикалық салдарларға әкеп соқпайды.

Парламент Мәжілісінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 8-5-90 хаты

Салыстырмалы кестенің 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7-тармақтары бойынша

Түзетулер Жер кодексіне (бұдан әрі – ЖК) жер пайдаланушыларға уақытша ұзақ мерзімді өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын және оны иеліктен шығару құқығын сатып алмай беруге, жер учаскесіне аталған құқықтарды бұлай берудің жекелеген тетігін белгілеу мәселелеріне бағытталған өзгерістерді енгізуді көздейді.

Аталған түзетулердің жоғары қоғамдық және әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, осы түзетулерді қабылдау қоғамдық резонансқа әкелуі мүмкін, осыған байланысты, ұсынылған нормаларды егжей-тегжейлі пысықтауды және жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің аталған өзгерістерге дайындығын анықтау мақсатында тәуелсіз

Бланк сериялық нөміріз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіптен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілгені керек. Бланк без сериялыго номера НЕДЕЙСТВУЕТ. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

0014961\*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
ҚАРАТЫ  
Кіріс № 2479/178/448 зп, 645 зп / 8-5-90  
2019 ж. 28 маыс  
0014961\*  
ИПЦ Зақ. № 310. 23.06.2014 г.  
8-5-148

сарапшылар мен қоғам қайраткерлерін тарта отырып қоғаммен кеңінен жария талқылауды талап етеді.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, түзетулер қолдау таппайды, өйткені осы кезеңде түзетулерді қабылдау ерте деп есептейміз.

*Салыстырмалы кестенің 8-тармағы бойынша*

ЖК 147-бабының 2-2-тармағын жергілікті атқарушы органдардың жерлерді пайдалану және қорғау бойынша функциясын сақтай отырып, пайдаланылмайтын немесе заңнаманы бұза отырып пайдаланылған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін анықтау критерийлеріне қатысты 4) және 5) тармақшалармен толықтыру мынадай редакцияда қолдау табады:

«4) жерді нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануға және жерді ұтымды пайдалануға;

5) жерді нысаналы мақсатына сай емес пайдалануға жол бермеуге.».

*Салыстырмалы кестенің 9-тармағы бойынша*

ЖК 159-бабының 1-тармағын жердің мониторингі бөлігінде өзгерту мынадай редакцияда қолдау табады:

«1. Жер мониторингі болып жатқан өзгерістерді жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау, уақтылы анықтау, оларды бағалау, одан әрі дамуын болжау және теріс процестер салдарларының алдын алу және жою жөнінде ұсынымдар тұжырымдау мақсатында жер қорының сапалық және сандық жай-күйіне базалық (бастапқы), жедел, кезеңдік байқаулар, оның ішінде Жерді ғарыштан қашықтықтан зондтау деректерін пайдалана отырып жүргізілетін байқаулар жүйесін білдіреді.».

*Салыстырмалы кестенің 10-тармағы бойынша*

ЖК 160-бабының 1-тармағына жер мониторингінің міндеттерін пайдаланылмайтын жер учаскелері мен Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылатын жер учаскелерін анықтау жөніндегі жаңа функциямен толықтыруға бағытталған жаңа 3) тармақшаны енгізуді көздейтін түзету қолдау табады.

*Салыстырмалы кестенің 11-тармағы бойынша.*

ЖК 160-бабының 3-тармағын жер мониторингі міндетіне қатысты өзгерту мынадай редакцияда қолдау табады:

«3. Жерді жүйелі түрде бақылаудың, жер бетін суретке түсірудің, зерттеудің, түгендеудің нәтижелері, жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау материалдары, архив деректері, жерді қашықтықтан зондтау деректері, мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және электрондық ақпараттық ресурстардан алынған мәліметтер, сондай-ақ жердің сапалық жай-күйі туралы басқа да

Будан басқа, салыстырмалы кестенің 10-тармағында жер пайдалануды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін мониторинг жүргізудің нақты жағдайларын айқындайтын нормалар көзделген.

*Салыстырмалы кестенің 13-тармағы бойынша*

ЖК 162-бабының 1-тармағын жер мониторингінен ақпарат алу және пайдалану әдістеріне қатысты түзетулер мынадай редакцияда қолдау табады:

«1. Жер мониторингін жүргізу кезінде қажетті ақпарат алу үшін қашықтықтан зондтау, жер бетін суретке түсіру және бақылау әдістері, қор деректері, жерді қашықтықтан зондтау деректері, мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және электрондық ақпараттық ресурстардан алынған мәліметтер, сондай-ақ жердің сапалық жай-күйі туралы басқа да мәліметтер қолданылады.».

*Салыстырмалы кестенің 14, 15, 16 және 18-тармақтары бойынша.*

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңның 1, 9, 33-1 және 38-баптарына және заң жобасына «аңшылық ит» ұғымын, уәкілетті органның аңшылық иттерді тіркеу қағидаларын бекіту құзыретін көздейтін және аңшылық иттерді тіркеместен, олармен аң аулауға тыйым салатын түзетулер қолдау таппайды.

Ұсынылып отырған «аңшылық иттер – аңшылық иттердің ұлттық тұқымдары және аң аулауда пайдаланылатын басқа да иттер» ұғымы өзінің табиғаты бойынша аңшы ит болып табылмайтын «басқа» иттерді аңшы ит деп тануға және олар тіркеусіз аң аулауда пайдаланылған жағдайда, адамдарды жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді.

Мұндай шектеу адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін деген Конституцияның 39-бабына сәйкес келмейді.

*Салыстырмалы кестенің 17-тармағы бойынша*

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңның 33-1-бабына және заң жобасына бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің санын есепке алуды жүргізу тәртібін көздейтін түзетулер қолдау табады.

*Салыстырмалы кестенің 19-тармағы бойынша*

«Ғылым туралы» Заңның 27-бабын «бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру» ұғымын нақтылау бөлігінде жаңа 1-1-тармақпен толықтыру қолдау таппайды, өйткені көрсетілген түзетулерді ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер шеңберінде қарастыруға болады деп санаймыз.

қалдырған жөн, осыған байланысты көрсетілген түзетулер осы кезеңде қолдау таппайды.

Сонымен қатар, бұдан бұрын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 11-8/2471 зп, 197 зп қорытындысында «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 62-бабына түзетулер қолдау тапқан болатын, алайда, Есік мемлекеттік дендрологиялық саябағын осы кезеңде Қазақ ұлттық аграрлық университетіне тұрақты жер пайдалануға беру әлі ерте екендігіне байланысты Парламент Мәжілісінің 2019 жылғы 24 қаңтардағы № 8-5-42 хатымен берілген түзетулер де қолдау таппайды.

*Салыстырмалы кестенің 4, 6, 7-тармақтары бойынша*

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (бұдан әрі – ӘҚБТ) және «Ветеринария туралы» Заңына түзетулер қолдау табады және олар:

- ӘҚБТ 785-бабы бірінші бөлігінің б) тармақшасын құқық бұзушылық жасалған жерде және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану кезінде табылған, құқық бұзушылықтар құралы не нысанасы болып табылатын, Қазақстан Республикасының аумағына импортталған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы орны ауыстырылатын тауарларды алып қою бөлігінде ӘҚБТ 795-бабының бірінші бөлігіне сәйкестендіруді;

- ветеринария, өсімдіктерді қорғау және карантин саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамына ветеринария, өсімдіктер карантині салаларында бақылау және қадағалауды, өсімдіктерді қорғау саласында фитосанитариялық бақылауды, ветеринария, өсімдіктерді қорғау және карантин саласындағы заңнаманы бұзудың алдын алуды жүзеге асыру мақсатында бақылау бекеттерінде көлік құралдарын кідірту мүмкіндігін беруді көздейді.

*Салыстырмалы кестенің 5-тармағы бойынша*

ӘҚБТ 787-бабына лауазымды адамдардың әкімшілік ұстауына қатысты түзетулер қолдау табады.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексі (бұдан әрі – КК) 129-бабының 9-тармағына сәйкес кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылау және қадағалау осы Кодекстің 138 және 139-баптарында көзделген кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі салаларында ғана жүзеге асырылатынын ескере отырып, ӘҚБТ 787-бабының жаңа 14-1) тармақшасын мынадай редакцияда жазылсын:

«14-1) мыналар:

олардың сақталуын бақылау мен қадағалауды осы органдар жүзеге асыратын қағидаларды, талаптарды бұзу кезінде – ветеринария, өсімдіктер карантині саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары;

олардың сақталуын бақылауды осы органдар жүзеге асыратын қағидаларды, талаптарды бұзу кезінде – өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары;».

*Салыстырмалы кестенің 8, 9 және 10-тармақтары бойынша*

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңның 1-бабының 64) тармақшасына, 27-бабы 2-тармағының 18-1) тармақшасына және 33-1-бабының 13-1) тармақшасына қорықшыларды Қазақстан Республикасының заңнамасы мәселелері бойынша арнайы дайындауды ұйымдастыру бөлігіндегі түзетулер қолдау таппайды.

Ұсынылған түзетулерде кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты талаптарды қатаңдату белгісі барын ескеріп, сондай-ақ КК 82-бабының 1 және 3-тармақтарының талаптарын назарға ала отырып, реттеушілік әсерге талдау жүргізу және оның нәтижелерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында қарау қажет.

Өз кезегінде, Заң жобасын қабылдау мерзімінің тығыздығына байланысты қажетті рәсімдерді жүргізудің мүмкін еместігін атап өтеміз.

*Салыстырмалы кестенің 11 тармағы бойынша*

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Заңның 56-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына қорықшыға көлік, жүзу құралдарын тоқтату және оларды жете тексеру құқығын беруге қатысты түзету қолдау таппайды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 50-бабының 13) және 14) тармақшаларына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға осындай қызметті мемлекеттік реттеу, сондай-ақ бақылау мен қадағалау өкілеттіктерін беру, мемлекеттік бақылау және қадағалау функцияларын мемлекеттік орган мәртебесі жоқ ұйымдарға беру – мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтар болып танылады.

*Салыстырмалы кестенің 12-тармағы бойынша*

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 11-бабына ауыл шаруашылығы кооперативтерінің өз мүшелері мен қауымдасқан мүшелеріне көрсеткен қызметінің құнын субсидиялаудың жаңа түрін енгізу бөлігіндегі түзету қолдау таппайды.

Қазіргі таңда Ауыл шаруашылығы министрлігінің саясаты мемлекеттік қолдау шараларын оңтайландыруға және тиімсіз субсидия түрлерін жоюға бағытталғанын ескерсек, жаңа субсидиялау түрін енгізу орынсыз болып табылады.

Бұдан басқа көрсетілген түзетулерді іске асыру мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігінің ұлғаюына әкеп соғады.

*Салыстырмалы кестенің 1, 2, 3, 4, 7, 8, 9, 10-тармақтары бойынша (Парламент Мәжілісінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 8-5-517 хаты)*

Орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға қадағалау функцияларын беруді көздейтін Орман кодексіне (бұдан әрі – ОК) түзетулер реттеушілік әсерді талдау (бұдан әрі – РӘТ) нәтижелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері бойынша ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – ВАК) отырысында 2019 жылғы 12 сәуірде қаралғанын және мақұлданғанын ескере отырып, қолдау табады.

*Салыстырмалы кестенің 13-тармағы бойынша (Парламент Мәжілісінің 2018 жылғы 16 қазандағы № 8-5-693 хаты).*

ОК 51-бабына мемлекеттік орман қорының жерлерін кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіру үшін басқа санаттардағы жерлерге ауыстырған жағдайда, ауыстырылатын учаске алаңынан екі есе мөлшерде орман дақылдарын отырғызуды жүзеге асыру және отырғызылғаннан кейін оларға алғашқы үш жыл күтім жасау бөлігіндегі түзетулер РӘТ нәтижелері ВАК отырысында 2019 жылғы 12 сәуірде қаралғанын және мақұлданғанын ескере отырып, қолдау табады.

*Салыстырмалы кестенің 181, 184, 186-тармақтары бойынша (Парламент Мәжілісінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 8-5-517 хаты)*

«Ветеринария туралы» Заңға жергілікті атқарушы органдардың құзыретінен ветеринариялық анықтама беруді жүзеге асыратын өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринарлық дәрігерлерін есепке алуды алып тастауды көздейтін түзетулер РӘТ нәтижелері ВАК отырысында 2019 жылғы 12 сәуірде қаралғанын және мақұлданғанын ескере отырып, қолдау табады.

*Салыстырмалы кестенің 34 және 36-тармақтары бойынша (Парламент Мәжілісінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 8-5-517 хаты)*

КК-ге жануарлардан және (немесе) өсімдіктерден алынатын өнімдер мен шикізатты өндіруді, дайындауды (союды), сақтауды, өндеуді жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды, сондай-ақ ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар мен олардың бөлімшелері функцияларының орындалуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға байланысты түзетулер РӘТ нәтижелері бойынша аталған субъектілерге қатысты бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру КК-ге сәйкес бара отырып және бармай профилактикалық бақылау және қадағалау, жоспардан тыс тексерулер нысанында жүзеге асырылуы тиіс болғандықтан қолдау таппайды.

Бұл ретте, бармай профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу мақсатында «Ветеринария туралы» Заңның 14-1-бабы 7-1-тармағының екінші бөлігін мынадай редакцияда жазу ұсынылады:

«Бақылауға жататын өнімді әкелуге, әкетуге, орнын ауыстыруға, өндіруге, дайындауға, қайта өңдеуге, зарарсыздандыруға, сақтауға, тасымалдауға және өткізуге байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар, ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар мен олардың бөлімшелері, мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу субъектілері (объектілері) болып табылады.».

*Салыстырмалы кестенің 35-тармағы бойынша (Парламент Мәжілісінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 8-5-517 хаты)*

Жануарлар ауруларының пайда болуы мен таралуының және олардың улануының себептері мен жағдайларын анықтау және белгілеу үшін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің

аумағына, жай-күйіне зерттеп-қарау жүргізуге байланысты ҚК-ге түзетулер жалпы қолдау табады.

Бұл ретте, РӘТ нәтижелері ВАК отырысында 2019 жылғы 12 сәуірде қаралғанын және мақұлданғанын ескере отырып, мынадай түзетулерді көздеу ұсынылады:

«ҚК 140-бабының 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілеріне қатысты мемлекеттік тіркелген (қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғалардан және қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқықтық мирасқорларынан басқа) күннен бастап үш жыл ішінде тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері негізінде жүзеге асырылатын бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексерулер мен профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізудің ерекше тәртібі бойынша тексерулер жүргізуге тыйым салынады.»;

«ҚК-нің 141-бабы 3-тармағының он бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы жаңа 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

«3-1) жануарлар ауруларының пайда болуы мен таралуының және олардың улануының, карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің пайда болуы мен таралуының себептері мен жағдайларын анықтауға және белгілеу, карантиндік объектілердің, бөтен текті түрлердің, зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің таралу ошақтарын анықтау үшін аумақтар мен объектілерге зерттеп-қарау жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді, жалған пестицидтерді өткізу, сақтау, қолдану және (немесе) әкелу фактілерін анықтау;»;

ҚК-нің 146-бабы 2-тармағының екінші бөлігіндегі «1) және 3) тармақшаларында» деген сөздер «1), 3) және 3-1) тармақшаларында» деген сөздермен ауыстырылсын»;

ҚК-нің 147-бабы 1-тармағының екінші бөлігіндегі «1), 3) және 6) тармақшаларында» деген сөздер «1), 3), 3-1) және 6) тармақшаларында» деген сөздермен ауыстырылсын.»;

«Өсімдіктер карантині туралы» Заңның 10-бабы мынадай мазмұндағы жаңа 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Карантиндік объектілердің және (немесе) бөтен текті түрлердің пайда болу мен таралу себептері мен жағдайларын анықтау және белгілеу, карантиндік объектілердің, бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын анықтау үшін аумақтар мен объектілерді зерттеп-қарау мақсатында бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу туралы шешімді уәкілетті орган ведомствосының облыстық (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) аумақтық бөлімшесінің басшысы:

облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) аумағында бұрын тіркелмеген карантиндік объект және (немесе) бөтен текті түрлер анықталған кезде;

шекара маңындағы облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астана және шекара маңындағы мемлекеттердің аумағының карантиндік фитосанитариялық жай-күйінің нашарлауы туралы ақпарат келіп түскен кезде;

нотификациялар, карантиндік хабарлама, белгі беретін хабарламалар. карантиндік объектіні және (немесе) бөтен текті түрлерді, оның ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағынан әкетілген карантинге жатқызылған өнім партиясын анықтау фактілері туралы сараптама нәтижелері келіп түскен кезде;

карантинге жатқызылған өнімді әкетуге немесе әкелуге тыйым салулар мен шектеулерді, уақытша карантиндік фитосанитариялық шараларды бұзу фактілері анықталған кезде қабылдайды.»;

«Өсімдіктерді қорғау туралы» Заңның 15-1-бабы мынадай мазмұндағы жаңа 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің пайда болу және таралу себептерін анықтау және белгілеу үшін аумақтар мен объектілерге зерттеп-қарау жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді, жалған пестицидтерді өткізу, сақтау, қолдану және (немесе) әкелу фактілерін анықтау мақсатында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу туралы шешімді уәкілетті орган ведомствосының облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) аумақтық бөлімшесінің басшысы:

1) облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аумағында бұрын тіркелмеген зиянды және (немесе) аса қауіпті зиянды организмнің таралуы туралы;

2) Қазақстан Республикасымен шекаралас елдермен іргелес аумақтардың және облыстардың фитосанитариялық жай-күйінің нашарлауы туралы (аса қауіпті зиянды организмдердің көшіп-қону фактілері);

3) тиісті аумақта аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы жедел фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу туралы;

4) мемлекеттік тіркеуден өтпеген пестицидтерді, жалған пестицидтерді олардың таралуын болдырмау мақсатында өткізу, сақтау, қолдану және (немесе) әкелу фактілері туралы;

5) тиісті аумақтан әкетілген өсімдік шаруашылығы өніміндегі пестицидтердің қалдық мөлшері болуының анықталған фактілері туралы ақпарат бар болғанда және (немесе) келіп түскенде қабылдайды.»;

«Ветеринария туралы» Заңның 14-1-бабы мынадай мазмұндағы жаңа 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Жануарлар ауруларының пайда болуы мен таралуының және олардың улануының себептері мен жағдайларын анықтау және белгілеу үшін зерттеп-қарауды жүргізу мақсатында бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу туралы шешімді уәкілетті орган ведомствосының облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) аумақтық бөлімшесінің басшысы:



1) жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына жануарлардың қырылу, бір мезгілде бірнеше жануардың ауырған жағдайлары туралы немесе олардың әдеттен тыс мінез-құлқы туралы хабарлаған кезде;

2) эпизоотологиялық зерттеп-қарау жүргізу кезінде;

3) жануарлардың жұқпалы ауруларының, оның ішінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктен әкетілген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің партиясында анықтағаны туралы нотификациялар, хабарлар, хабарламалар келіп түскен кезде;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді әкетуге немесе әкелуге тыйым салулар мен шектеулердің, уақытша ветеринариялық-санитариялық шараларды бұзу фактілері анықталған кезде қабылдайды.».

*Салыстырмалы кестенің 167, 172, 176-тармақтары бойынша (Парламент Мәжілісінің 2018 жылғы 29 маусымдағы №8-5-517 хаты)*

«Ветеринария туралы» Заңына ветеринариялық анықтама беру үшін жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринарлық дәрігерлерін аттестаттау бөлігіндегі түзетулер РӨТ нәтижелері ВАК отырысында 2019 жылғы 12 сәуірде қаралғанын ескере отырып, қолдау таппайды, бұл ретте өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлеріне «Ветеринария туралы» және «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңдарға сәйкес хабарлама негізінде ветеринариялық анықтама беру мүмкіндігін беру ұсынылады.

Осылайша, «Ветеринария туралы» Заңды мынадай мазмұндағы жаңа 13-2-баппен толықтыру ұсынылады:

«13-2-бап. Жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерінің ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламалары

1. Хабарламаға жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерінің ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруы жатады.

2. Жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлері ветеринариялық анықтаманы беру жөніндегі қызметті жүзеге асыру немесе тоқтату басталғанға дейін бұл туралы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесін хабардар етуге міндетті.

3. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесін ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабардар еткен жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін анықтау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелері ветеринариялық дәрігерлерінің:

1) ветеринария саласындағы мамандықтар бойынша жоғары немесе орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білімінің болуы;

2) жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс субъектісімен, азық өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйыммен еңбек қатынастарының болуы міндетті.

Хабарламаға осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкестігін растайтын құжаттар қоса беріледі.

4. Жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін анықтау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелері ветеринариялық дәрігерлерінің ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарламаның қолданысы:

1) ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар мен қағидалардың бұзылуының белгіленуі (табылуы, анықталуы);

2) осы баптың 3-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкессіздіктің белгіленуі;

3) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының адамдар мен жануарлар саулығының қауіпсіздігіне қатер төндіретін талаптарының бұзылуының анықталуы;

4) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар, мемлекеттік қызметтер саласындағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздердің бірі бойынша тоқтатыла тұрады.

Осы тармақта көрсетілген негіздер бойынша уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің шешімімен жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелері ветеринариялық дәрігерлерінің ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарламаның қолданылуы алты айға тоқтатыла тұрады.

5. Жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін анықтау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерінің ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарламаны жандандыру «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңында белгіленген тәртіппен және растаушы құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, бұзушылықтарды жою туралы өтініш беру арқылы жүзеге асырылады.

Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі бұзушылықтарды жою туралы өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен бұзушылықтардың жойылғанын тексереді, нәтижесі бойынша бір жұмыс күні ішінде хабарламаның қолданысын жандандыру туралы шешім немесе хабарламаның қолданысын жандандырудан бас тарту туралы уәжді жауап ұсынады.».

*Салыстырмалы кестенің 235-тармағы бойынша (Парламент Мәжілісінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 8-5-517 хаты).*

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңға өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринарлық дәрігерлерінің ветеринариялық анықтаманы беру мүмкіндігін енгізу бөлігіндегі түзетулер жалпы қолдау табады.

Бұл ретте, РӘТ нәтижелері ВАК отырысында 2019 жылғы 12 сәуірде қаралғанын және мақұлданғанын ескере отырып, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңға 3-қосымшаны мынадай мазмұнда толықтыруды көздеу ұсынылады:

«58. Жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін анықтау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшелерінің ветеринариялық дәрігерлерінің ветеринариялық анықтама беру жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарлама.».

*Салыстырмалы кестенің 189, 190, 191, 230-тармақтары бойынша (Парламент Мәжілісінің 2018 жылғы 29 маусымдағы № 8-5-517 хаты).*

«Ветеринария туралы» және «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарға қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою жөніндегі функцияларды бәсекелестік ортаға беру бөлігінде түзетулер қолдау таппайды, себебі нарық дайындығына жүргізілген талдау қазіргі уақытта жергілікті жерлерде бәсекелестік сектордың жеткілікті түрде дамымағанын және аталған функцияларды көрсетуге дайын еместігін көрсетті.

Баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қорытындысын ескере отырып, заң жобасын одан әрі Парламент Мәжілісінде қарауға болады деп пайымдаймыз.

**Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі**



**А. Мамин**

Орынд.: Е.Қ. Сәрсенбаев  
Тел.: 750027



201\_\_ жылғы \_\_\_\_\_

Астана, Үкімет Үйі

от «28» мая 2019 года

№ \_\_\_\_\_

№ 17-8/448 зп, 645 зп

Мажилис Парламента  
Республики Казахстан

На № 8-5-90 от 20 февраля 2019 года

На № 8-5-148 от 15 марта 2019 года

**Заключение**  
**Правительства Республики Казахстан**  
**на поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики**  
**Казахстан к проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений**  
**и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по**  
**вопросам регулирования агропромышленного комплекса»,**  
**инициированному Правительством Республики Казахстан**

Рассмотрев поправки депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан к проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам регулирования агропромышленного комплекса», инициированному Правительством Республики Казахстан (далее – законопроект), сообщаем следующее.


Поправки депутатов не противоречат положениям Конституции и действующих законодательных актов Республики Казахстан, не повлекут отрицательных социально-экономических последствий.

*Письмо Мажилиса Парламента от 20 февраля 2019 года № 8-5-90*

*По пунктам 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 сравнительной таблицы*

Поправки предусматривают внесение изменений в Земельный кодекс (далее – ЗК), направленных на регулирование вопросов наделения землепользователей правами по передаче и отчуждению права временного возмездного долгосрочного землепользования (аренды) на земельный участок без выкупа данного права, установление отдельного механизма такой передачи.

Учитывая, что данные поправки имеют высокую общественную и социальную значимость, принятие данных поправок может привести к общественному резонансу, в связи с чем, требуются детальная проработка предлагаемых норм, широкое публичное обсуждение с общественностью привлечением независимых экспертов, общественных деятелей в целях выявления готовности физических и юридических лиц, в том числе сельхозтоваропроизводителей, к данным изменениям.



0014963 \*  
ИПЦ Зак. № 310. 23.06.2014 г.  
8-5-148

